Біздің «Маленький мир» қоғамдық қорымыз

ахондроплазиясы және басқа да қаңқа дисплазиялары бар адамдарға, сондай-ақ олардың отбасыларына қолдау көрсетумен айналысады.

«Ең бастысын көзбен көре алмайсың» ертегісі – бұл достық, қабылдау және махаббат туралы әсерлі әрі шабыттандыратын оқиға. Ол бізге әр адамның бірегей әрі құнды екенін, сондай-ақ шынайы сұлулық пен күш біздің жүрегімізде екенін үйретеді. Бұл ертегі балалар мен ересектерді, барлық айырмашылықтарымызға қарамастан, бір-бірін қабылдауға және түсінуге шабыттандыруға бағытталған.

маленький мир
общественный фонд

www.ofmm.kz

маленький мир
қоғамдық қоры

Ең басты нәрсені көзбен көре алмайсың

Инклюзивті балалар ертегісі



Светлана Абдулова
Галина Котельникова

5+

маленький мир
қоғамдық қоры

Ең басты нәрсені көзбен көре алмайсың

Инклюзивті балалар ертегісі

Светлана Абдулова
Галина Котельникова

УДК 376
ББК 74.3
А13

Абдулова С., Котельникова Г.

Ең басты нәрсені көзбен көре алмайсың

Инклюзивті балалар ертегісі

Теміртау қ., «Маленький мир» қоғамдық қоры, 2026. — 56 б. : суретті.

«Ең бастысын көзбен көре алмайсың» ертегісі – бұл достық, қабылдау және махаббат туралы әсерлі әрі шабыттандыратын оқиға. Ол бізге әр адамның бірегей әрі құнды екенін, сондай-ақ шынайы сұлулық пен күш біздің жүрегімізде екенін үйретеді. Бұл ертегі балалар мен ересектерді, барлық айырмашылықтарымызға қарамастан, бір-бірін қабылдауға және түсінуге шабыттандыруға бағытталған.

Авторлар: Абдулова Светлана Николаевна,
Котельникова Галина Владимировна

Әдеби редактор және корректор: Зайцева Елена
(бастауыш сынып мұғалімі, педагогикалық өтілі 35 жыл)

Мәтінді балалар аудиториясына бейімдеу:
Нурманова Алфия Қалығалиевна, балалар психологы

Қазақ тіліне аударма: Крашинина Александра

Иллюстрациялар: Жоба авторымен бірлесе жасалған

Дизайн және беттеу: Кольмаер Александра

5+

ISBN 978-601-14-1234-6



© Абдулова С., 2026
© Котельникова Г., 2026
© «Маленький мир» қоғамдық қоры, 2026

Достар! Барлығыңыз мультфильмдер көріп, Лунтиктің Айда дүниеге келген ерекше сәби екенін білесіздер.

Ал біздің ертегімізде де ерекше сәби дүниеге келді.

Тек бізде – ол Жерде туылды. Ол несімен ерекше болды? Мұны біздің сиқырлы ертегімізден оңай біле аласың.

Оның достары болды ма? Әрине! Ол оларды Күн данышпанға бара жатқан жолда кездестірді.

Ал ол алыс сапарға не үшін шықты? Ол қалай бақытты және өзіне сенімді болуды білгісі келді.



Бір күні ең қарапайым отбасында ерекше Сәби дүниеге келді. Ал сәбидің ерекшелігі оның қысқа бойында болды. Оның қолдары мен аяқтары кішкентай болғанымен, басқа жақтарынан ол басқа балалар сияқты болды. Оның есімі Максим. Максимның ата-анасы оны сүйіспеншілік пен қамқорлықпен қоршады. Баланың бір ғана реніші болды – оның достары болмады. Оның басқа балалардан өзгеше болғаны себебінен, балалар онымен дос болғысы келмеді.

Максим ата-анасына:

- Неге мен мұндай болып туылдым? Достарды қалай таба аламын? – деген сұрақтарды қоятын еді.

- Біз сенің сұрақтарына жауап бере алмаймыз, бірақ, таяу алыс жерде Күн деген шешен бар. Ол сенің сұрақтарына жауап бере алады, – деп ата-анасы жауап берді.





Максим өз сұрақтарына жауаптарды тапқысы келді. Сол себепті ол дорбасына барлық қажетті заттарын жинап, ата-анасының батасын алып жолға аттанды.

Максим өзінің кішкентай, бірақ өте күшті аяқтарымен, ән шырқап келе жатқанда жолдағы шұңқырды байқамай, оның ішіне түсіп кетті. Максим қатты қорқып, көмекке шақыра бастады, бірақ оны ешкім естіген жоқ. Одан кейін ол таяқшаны алып, таяқпен жерді соға бастады. Соққаны соншалықты қатты болды, жер дірілдей бастады. Кенеттен Максим келе жатқан қадамдарды естіді.



Шұңқырдың басында күлімсіреген баланың беті көрінді. Максим жеңілдеп дем алып, балаға: "Сәлем", - деді, бірақ Жарас (баланың аты-жөні) ештеңеге жауап бермей, Максимге тек қолын созып, шұңқырдан шығуға көмектесті. Максим демін қалыпқа келтіріп, есін жинап алғаннан кейін баламен сөйлескісі келді. Ол өзі туралы айта бастады, бірақ кенеттен бала оны естімейтінін және сөйлесе алмайтынын түсінді. Содан кейін Максим қимылдың көмегімен балаға алғыс айтып, оны өзімен бірге Күнді іздеуге шақырды.

Біраз уақыттан кейін біздің саяхатшылар көмек сұрап жатқан айқайды естіді.



Олар айқай шығып жатқан жаққа жүгіріп барып, дөңгелектері бар ерекше орындықта отырған баланы көрді. Мұндайды балалар алғаш рет көрді.

Олар баладан бұл орындықтың қайдан пайда болғаны туралы сұрады. Бала орындықты – әкесінің жасағаны туралы айтты. Өз орындығының дөңгелектері құмға жабысып қалғанын және көмекке мұқтаж екенін балаларға айтты. Дөңгелектер құмға төтеп бере алмай, бала құмның тұтқынында қалды. Содан кейін Максим мен Жарас арбаны бірге алып, оны құмнан шығарды.

Бала алғысын білдірді. Максим баладан:

- Сенің атын кім және неге сен өзің жүре алмайсын? – деп сұрады.

- Менің атым Юра. Менің аяғым жүре алмайды, ауырып қалған. Сол себепті мен басқа балалар сияқты ойнай алмаймын, үнемі жалғыз жүрем, - деп Юра мұңайып жауап берді.

Сол кезде балалар Юраны олармен бірге саяхатқа қосылуға шақырды. Юра келіскен кезде Максим мен Жарас, нағыз саяхаттың мақсаты – тек жаңа жерлерді ашу ғана емес, сонымен бірге қиындыққа тап болған адамдарға көмектесу екендігін түсінді.





Балалар жолдарын күлкімен, әңгімемен жалғастырып келе жатты. Бір кезде қалың орманның ішінде келе жатқандарын байқады. Бұл орманда Орман иесі тұрады. Балалардың күлкісінен оянған Орман иесі, ұйықтағанды жақсы көретін еді. Оянғанына ашуланып, ол қатты дауыспен балалардан:

- Менің ұйқымды бұзуға кімнің батылдығы жетті? – деп сұрады.

Балалар тоқтап, осындай жауап қайтарды:

- Кешірім сұраймыз. Сізді оятқымыз келмеді. Біз Күн деген шешені іздеп сіздің орманыңыздан өтіп келе жатырмыз.

Орман иесі:

- Не деген қу екенсіңдер. Менің орманымнан өткілерін келсе, жұмбағымды шешіңдер. Орманда ағаштардың үш түрі өседі: қарағай, емен және үйеңкі. Егер әр еменнің 12 жапырағы бар болса, ал әр үйеңкіде 18 жапырақ болса, ал қарағайдың үйеңкіден екі есе кем жапырақтары болса, бір қарағайда қанша жапырақ бар?

Жұмбақты естіген балалар уайымдап, абдырап қалды. Бірақ Юра ойланып, бірден түсініп алып:

- Қарағайдың жапырақтары жоқ емес пе? Қарағайдың инелері бар, – деп айтты.

Орман иесі баланың ақылына таң қалды да:

- Жақсы, жарайсың! Менің жұмбағымды шештің. Мен сендерге орманымнан өтуге рұқсат беремін! – деді.

Орман иесі жолға бөгет болып тұрған салбыраған бұтақтарды итеріп жіберді. Балалар Орман иесіне алғыс айтып, жолға шықты.



Олар өздерінің енді үшеу болғанына қуанып, көңілмен жолдарын жалғастырды. Олар жарқын шалғынға қалай шыққанын байқамай кетті. Күн сәулесі шалғынды соншалықты қыздырған, шалғында көбелектер ұшып, шегірткелер шырылдады. Түрлі-түсті әдемі гүлдер хош иіспен айналаны қоршады. Далада өскен ағаштарда құстар ән шырқады. Балалар сұлулыққа таңғалғаны соншалық, олар құстардың әнін мұқият тыңдап отырған қызды бірден байқамай қалды.

Балалар қыздың жанына келіп, сәлемдесті де Максим қыздан:
- Қыз, сенің атың кім? Неліктен сен шалғында көзіңді жұмып жалғыз отырсың? – деп сұрады.
Қыз оларға басын бұрып:
- Менің атым Ұнай. Мен жалғыз емеспін. Менің айналамда құстар мен жәндіктер көп. Мен олардың әнін тыңдаймын. Маған бұл қатты ұнайды! – деді.
Сонда Максим:
- Ал сенің достарың қайда? – деп сұрады.
Қыз мұңайып:
- Мен басқа балалар сияқты емеспін, көзім көрмейді. Балалар менімен дос болғысы келмейді, – деп жауап берді.
Максим оған:
- Біз сенімен дос бола аламыз! Өйткені, біз де, бәрі сияқты емеспіз.





Қыз аяғынан тұрып, әдемі жарқын көйлегін сілкіп, Максимға жақындап, оған қолын созды. Сол сәтте оның өте қысқа екенін түсінді.

Ол ерекше орындықта отырған Юраға жақындап, оған қолын тигізді. Ұнай баланың жүре алмайтынын түсінді.

Содан кейін Жарасқа жақындап, оған сәлем берді, бірақ Жарас оған жауап бермеді. Максим Жарастың сөйлей алмайтынын және ести алмайтынын Ұнайға түсіндірді. Қыз болса Жарасқа қолын созды, балалар қол алысып сәлемдесті.

Максим мен балалар олардың қайда бара жатқаның қызға айтып, олармен бірге жүруге шақырды. Ұнай қуанышпен келісті. Төртеуі бірігіп жолға шықты.





Олар әдемі шалғындар мен тік төбелермен жүріп, жарқыраған және жылдам өзеннің жағасына шықты. Өзен жағасында бір қыз отырды және әдемі пейзажды бояумен бояды. Ол сурет салуға құмар болғаны соншалықты, айналасындағыларды көрмейтін немесе естімейтін сияқты болды.

Балалар танысып, қыздың есімі Рада екенін білді. Балалар өздерінің саяхаттары туралы айтты. Рада олардың хикаятына қызығушылық танытып, олармен бірге жолға шыққысы келді, өйткені оның да Күнге сұрақтары болды.

Олар оның суреттерін, бояуларын қуанышпен жинауға көмектесті және Радамен бірге, бесеу болып жолды жалғастырды. Жолдары ұзақ болды. Бір мезетте жолдарын айналып өтуге болмайтын үлкен тау жауып тастады. Балалар ренжіп, саяхатын қалай жалғастыру керектігін ойластыра бастады, кенеттен олар үңгірді көрді.

Балалар үңгірден өтуге шешім қабылдады, бірақ олар оның қараңғылығынан қорықты. Бүкіл өмірін қараңғыда өткізген Ұнай, өзінің кеңістікте өте жақсы бағдарланғанын айтып, бәрін тыныштандырды. Балалар бірге қол ұстасып қадам жасады.





Жарас ерекше орындықпен қозғалған Юраға көмектесуге кірісті. Ұнайдың керемет есту қабілетінің арқасында тек ол ести алатын құстардың өте тыныш және алыс дыбыстарын тауып, барлық балаларды өзімен бірге алып жүрді.

Көп ұзамай балалар үңгірден шыға алды. Олар қатты қуанып, Ұнайға алғыс айтты. Осы кезде олар әрқайсысы енді жалғыз емес екенін және олар нағыз достар екенін түсінді.

Алыстан күннің үлкен, жарқын, түрлі-түсті үйі көрінді. Оның айналасында әдемі бақ бар екен. Балалар жақындап, ағаш қақпаны көрді. Бірақ қақпа құлыптанған болды. Кілт еш жерде көрінбеді. Кенеттен аласа бұтаның арасынан бала пайда болды. Ол күліп, балаларды мазақ етті.

Балалар оған назар аудармауға шешім қабылдап, кілтті іздеуді жалғастырды. Бірақ бұл баланы ашуландырды және ақыры ол кілтті шұңқырға жасырғанын айтты.



Максим баладан мұндай әрекетті не үшін жасағанын сұрады.

Бала:

- Өйткені мен сендерді жол бойы бақылап жүрдім. Мен де сендермен дос болғым келеді. Сендер өте көңілді уақыт өткізіп, саяхаттап келе жатырсыңдар, мен оны көріп қызғандым. Мен сендерге жақындай алмадым, өйткені мен де сендер сияқты жалғызбын. Менімен ешкім дос болғысы келмейді, бәрі мені зұлым деп айтады. Мен мүлде дос бола алмаймын. Сендер керемет командасыңдар және жақсы дос бола алдыңыздар, мен соған қатты қызғандым, – деп жауап берді.

Максим баланың атын сұрады. Бала өзінің аты Ақжол екендігін айтты. Максим оған:

- Сенің әдемі және мейрімді атын бар. Жанында сен де атың сияқты мейірімді шығарсың. Достарым жоқ деп уайымдама, біз саған дос болуды үйретеміз, – деді.

Ақжол өзінің іс-әрекетінен ұялды, достарының болғаның қатты тіледі. Сондықтан ол кілтті қайда лақтырғанын көрсетті. Балалар болса кілт түсіп кеткен шұңқырды көріп ренжіді. Себебі шұңқыр өте кішкентай екен. Максим:

- Кілтті алуға тырысайын, – деп көмекке келді.



Балалар Максимнің шұқырға сыймай кептеліп қалады деп қорықты, бірақ оның қысқа бойының арқасында Максим шұңқырға түсіп, кілтті ала алды.

Балалар қуанып, Максимді мақтап, қақпаны ашты.

Олардың алдында Күннің әдемі бағы пайда болды. Бақшаның кіреберісінде көктемгі сұлу гүлдерден жасалған сияқты жұмсақ кілеммен жабылған жол бар. Жолдың екі жағында керемет гүл бұталар өседі.





Бақшаның ортасында күн сәулесімен ойнайтын мөлдір суы бар субұрқақ тұр. Субұрқақтың айналасында келушілерді демалуға шақыратын жайлы орындықтар бар екен.

Бақтың айналасы бойынша жайылған ағаштардың ішінде гүл жапырақшаларымен көмкерілген жайлы аллеяларды табуға болады. Мұның бәрі біздің саяхатшыларды таң қалдырды. Олар бақтың әдемі жолдарымен жүріп Күннің үйіне қалай жеткендерін де байқамай қалды.

Күн оның сәулесінде мыңдаған гауһар тастар ерігендей, жұмсақ жарықпен жарқырады. Ертегідей Күн әр сәулесімен айналасына өмір сыйлады. Гүлдер оның жарығының астында ең керемет реңктерде ашылды, құстар ынталы әндер шырқады, ал ағаштар осы шамдардың құшағын іздегендей бұтақтарын көтерді. Күннің сәулесіне бөлінген барлық нәрсе сиқыр мен жарыққа толы болды.

Алайда күннің ерекшелігі оның байланыс қабілетінде болды. Ол өзінің жарық сәулесін тікелей жүрекке жіберіп, оны қуанышқа, даналыққа және сүйіспеншілікке толтыра алады.



Күн балаларды көріп, оларға жылы күлімсіреп балалардың әрқайсымен амандасты. Әр балаға оның қабілеттері туралы айтты.

Күннің дауысын естігенде олардың жүректері қуаныш пен нұрға толды: "Ең басты нәрсені көзбен көре алмайсын. Сендерде қандай қиындықтар немесе шектеулер бар екені маңызды емес, маңыздысы – сендер бірегейсіңдер және ойлағандарыңыздан да көп нәрсені жасай аласындар. Сендердің қиындықтарды қалай жеңетіндерін мен өзара көмектерін - бұл сендердің шынайы күштерін".

Күн Ұнайға келесіні айтты:
- О, кішкентай қыз, сенің көздерің жарық пен көлеңкеден гөрі керемет нәрсені көре алады. Сенің жүрегіңде заттардың пішінін ғана емес, жанның сұлулығын сезіне алатын сиқыр бар. Сен әлемді көзбен емес, сүйіспеншілікпен, аяушылығымен және керемет күшпен көресін. Көздерің әлемді басқалар сияқты көрмейтініне ренжіме. Сенде ерекше сый бар — жанның ішінде гүлдейтін және ең қараңғы бұрыштарға жарық әкелетін көзқарас. Батыл бол, өйткені сенің күшің баға жетпес құндылыққа ие.



Мұнда күн Жарасқа назар аударып, жылы сәулелерін жібергендей болып, жарыққа толы сөздерді сөйлеу және есту қабілеті бұзылған балаға жіберді:

- О, батыл бала, сенің әлеміңде сөздер үнсіз болуы мүмкін, бірақ қолыңның әр қимылы - сен жасай алатын ерекше тіл. Тек жүрек түсіне алатын әдемі балетті жасай алатын, өзіңнің сезімдерің мен ойларыңды қимылмен білдіре аласын. Сөздердің үнсіздігіне ренжіме, өйткені сен эмоциялар мен қозғалыстар тілінде сөйлейсін. Өзіңнің кім екеніңді мақтан тұт, өйткені сенің сұлулықты сөзсіз жасау қабілетің сені ерекше және керемет етеді.

Юраға қарап, Күн келесіні айтты:

- Балам, сенің ақылың жұлдыздардың шамынан да артық жарқырайды. Сен идеялар мен мүмкіндіктердің шексіз мұхитына есік аша аласын. Физикалық шектеулерің сенің ойыңа көлеңке түсірмесің. Сенің ақыл-ойың – шексіз мүмкіндіктер әлемінің кілті, ал сенің идеяларың — бұл әлемді өзгерте алатын құдіретті күштер. Сен бұл әлеммен білім нұрымен бөлісіп, әлемді бай және алуан түрлі етеді.



Күн өзінің жанында гүлдердің әдемі жапырақшаларын қарап, қобалжығаннан қолындағы орамалды тартып тұрған Раданы байқады.

Раданың Күнге қатысты көптеген сұрақтары болды. Ең бастысы– ол неге жалғыздықты ұнатады? Неліктен басқа балалар оған ұнамайтын оғаш ойындар ойнайды? Неліктен ол өзін басқаша сезінеді? Қызға жылу мен жарық сыйлағаннан кейін, күн қамқорлық пен түсіністікке толы сөздерді айтты:

- Сен таңғаларлық қызсың. Сенің әлемің ерекше және сиқырлы. Сен сұлулықты басқалар жіберіп алуы мүмкін бөлшектерден көре аласын. Сенің ішкі әлемің – бұл сезімдеріңнің жарқын түстерінен жасалған ғажайыптардың ерекше суреті. Сенің әлемді өз қарқыныңмен көру және сезіну қабілетің оған ерекше үйлесімділік береді. Өз ерекшелігіңді жасырма, өйткені ол сені таң қаларлық етеді. Өз қабілетіңмен мақтан, себебі сен осы таңғажайып әлемнің бір бөлігісін. Оның әртүрлілігі мен сұлулығына үлес қосуды жалғастыр.



Күн болса жарқыраған шуақтарымен, Ақжолға жақындап, сөйлей бастады:

- Мен сенің құлықтарыңды бақылап отырдым. Бәріне ұқсауға болады, бірақ зұлым жүрекпен ерекшеленген дұрыс емес. Сен өзіңе шынайы достар таба алғаныңа өте қуаныштымын. Сенің өз жолыңа және басқалардың жолдарына әсер ету күшін бар екенің ұмытпа. Жақсы достар үшін ризашылық білдір, олар сенің қараңғы уақыттағы нұрың. Олардың сүйіспеншілігі мен сенімі саған берілген керемет сыйлық ретінде қабылда. Достыққа сенуге көмектескен осы керемет балаларды ешқашан жоғалтпа.

Ақырында, күн алтын жарықпен жарқырап, сөздерін Максимға бағыттады:

- О, батыл және ерекше бала, сенің биіктігің бойымен емес, жүректің жылуы мен күшімен өлшенеді. Сен кішкентай тұқым сияқты қамқорлық бұтақтары мен адалдық жапырақтарымен қоршалған әдемі биік достық ағашына өстің. Сенің басқалардың жүрегінен жарық табу қабілетің сені нағыз мейірімділік сиқыршысы етеді. Өзіңнің бірегейлігіңмен мақтан және сенің бойыңның кіші болғаны өзіңнің ұлы және сиқырлы саяхатыңның кішкентай ғана бөлшегі екенін ұмытпа.



Олардың әрқайсысы өз есінде және жүректерінде жылы сөздерді сақтап қалып, Күнді қоршады. Балаларға қарап, Күн:

- Қымбатты балалар, мен сендерді қонақта көргеніме қуаныштымын, жүректеріңіз жылулық пен жақсылыққа толы. Мен сендердің ата-аналарына осындай батыл, ақылды, күшті, ақ-көніл балаларды тәрбиелегендеріне ризамын. Кез-келген қиындықты жеңе алатын және сүйе алатын адамдарға ғана ерекше балалар беріледі. Ата-аналарыңды жақсы көріңдер, өйткені олар сендердің қанаттарыңыз – Махаббат пен Қолдау, – деп айтты.

Балалар Күнге шабыттандырған сөздері үшін алғыс айтып, тату топ болып, үйлеріне қайтты.

Осы күннен бастап балалар олардың айырмашылықтары кедергі емес, олардың керемет күші екенін түсінді. Балалар үйренген сабақтарын басқа балалармен бөлісу үшін және олардың бірегейлігі мен өз күштерін көруге көмектесу үшін үйлеріне оралды. Балалар көптеген жаңа достар тауып, жаңа достарына өте қуанышты болды.













Қымбатты дос!

Әлем өте үлкен. Онда миллиондаған адамдар өмір сүреді, және олардың әрқайсысы бір-біріне ұқсамайды. Біреу бойшаң болса, біреу аласа болады. Біреу жылдам жүгіреді, ал біреу жай серуендегенді ұнатады. Әр адамның өз ерекшелігі, арманы және таланты бар.

Айналандағы адамдарға мейірімділікпен, құрметпен және достық көңілмен қара. Сонда әлем сәл де болса жарқын бола түседі, ал жаныңнан әрдайым жақсы достар табылады.

Есіңде болсын: дәл осы айырмашылықтар біздің әлемімізді қызықты әрі әсем етеді.

«МАЛЕНЬКИЙ МИР» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

Бұл кітап «Маленький мир» қоғамдық қорының қолдауымен жарық көрді.

Біздің қор бойдың аласа болуына әкелетін қаңқа дисплазиялары бар балалар мен ересектерді, олардың отбасыларын, достарын, дәрігерлерін және әрбір адамның құрметке, қолдауға және өз болмысымен қабылдануға лайық екеніне сенетін жандарды біріктіреді.

Күн сайын біз отбасыларға денсаулық туралы маңызды ақпарат табуға көмектесеміз, ата-аналарды бір-бірімен таныстырамыз, кездесулер, білім беру жобалары мен балаларға арналған іс-шаралар ұйымдастырамыз. Біз қоғамға адамдардың бойы, сыртқы келбеті немесе даму ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін екенін, бірақ олардың барлығы бірдей құнды әрі маңызды екенін түсіндіруге тырысамыз.
Біз мейірімділік түсіністіктен басталады деп сенеміз. Сондықтан да біз кітаптар шығарып, танымдық сабақтар өткізіп, балалар мен ересектерге бір-бірін жақынырақ танып, айырмашылықтарды емес, достықты, армандарды және мейірімді жүректерді көруге көмектесетін оқиғалармен бөлісеміз.
«Маленький мир» — әр адам өзін үлкен әрі тату отбасының бір мүшесі ретінде сезіне алатын орын.

ДОСТАСАЙЫҚ!

Біздің сайт: ofmm.kz

Instagram:
malenkiimir.achondroplasia.kz

Facebook:
malenkiimir.achondroplasia

YouTube:
OFMalenkiiMir

Бұл жер бетінде
шынайы достықтан асқан
қымбат қазына жоқ.